
«Колледждегі сәтті бейімделу»
атты тақырыпта өткізілген тренингке


Анықтама

Өткізілген күні: 2026 жылғы 29 қыркүйек
Өткізілген орны: 307 кабинет
Қатысушылар: 1 курс білім алушылары
1. Тренингтің мақсаты:
1.Жасөспірімдер арасындағы қарым-қатынасты нығайту, адамгершілік қасиеттерін арттыру.
2. Топтың бірігуіне және өзара әрекеттесуіне арналған жаттығулар арқылы студенттердің бір-біріне деген қарым-қатынасын нығайту.
3. Ортаны тыңдай білуге, өз ойымен бөлісуге тәрбиелеу.
2. Тренингтің өткізілуі:
2.1. Тіркелу және танысу
Қатысушылар тренингке тіркеліп, бір-бірімен танысты. Тренингтің мақсаты мен міндеттері түсіндірілді.
2.2. «Колледждегі сәтті бейімделу» тақырыбында кіріспе сөз
Психолог Әбдібаева А.Е. қарым-қатынас психологиясы туралы қысқаша түсінік беріп, студенттердің әлеуметтік қарым-қатынастарын қалыптастырудың маңыздылығын атап өтті. Танысу жаттығулары арқылы бойларындағы өзге адамдар білмейтін жеке қасиеттерін айтып танысты. «Өзіңді білгің келсе ...» жаттығуын орындау арқылы өздеріне деген сенімділігін, өзін тануға деген қабілеттерін анықтады,сонымен қатар,қарым-қатынас дағдыларын нығайтып,топты біріктіруге шақырды.
2.3. «Орнымызды ауыстырайық» жаттығуы
Қатысушылар топтық жаттығулар арқылы бір-бірімен белсенді байланыс жасап, қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған әрекеттерді орындады. Әр қатысушы өзара байланыс орнату арқылы өздеріне қатысты жеке ақпараттарымен бөлісті.
2.4. «Ой бөлісу және тыңдай білу» жаттығуы
Қатысушылар өзара пікір алмасып, бір-бірінің ойларын тыңдай білу дағдыларын жетілдірді. Бұл жаттығу студенттерге тек өз пікірлерін айту ғана емес, сонымен қатар өзгелердің ойларын құрметпен тыңдауды үйретті.
2.5.«Ең лайық адамды құшақта» жаттығуы бойынша берілген карточкадағы жазбаға лайық топтағы достарын тауып құшақтап,бір-бірлеріне позитивті көңіл-күй сыйлады.
2.6. Кері байланыс және қорытынды
Тренингтің соңында қатысушылар өз пікірлерін білдіріп, тренингтің әсері туралы кері байланыс жасады. Әрбір қатысушы бір-біріне жақсы тілектер айтып, тренингті аяқтады.
3. Тренингтің нәтижелері:
Тренинг барысында студенттер қарым-қатынастың психологиялық аспектілерін түсініп, өзара байланыс дағдыларын дамытуға бағытталған жаттығуларға белсене қатысты. Олар бір-бірімен ашық сөйлесіп, қарым-қатынас орнату дағдыларын үйренді. Студенттер өз пікірлерімен бөлісіп, бір-біріне жақсы тілектер айтып, тренингтің соңында позитивті көңіл-күйде қайтты.
Қорытынды:
Тренинг жасөспірімдер арасындағы қарым-қатынасты нығайту, топтық бірігу мен өзара әрекеттесу дағдыларын арттыру бойынша тиімді өтті. Қатысушылар өзара пікір алмасып, тыңдай білу және өз ойларын жеткізу қабілеттерін дамытты.






РЕФЛЕКСИЯ


РЕФЛЕКСИЯ